

Келісілді:

әдіскер

О.Андросова

6.05.2026ж №5 Педагогикалық кеңесте қаралды.

Бекітемін:

«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Степногорск қаласының «Еркетай» №5 балабақшасы МКҚК» менгерушісі

Т.Кривенко

2026ж



**2026 жылғы 01 маусым мен 31 тамыз аралығындағы
жазғы сауықтыру кезеңіне арналған
балалардың өмірі мен қызметін ұйымдастыру тәртібі**

Режимдік сәттер, іс-әрекет	Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері	Кіші топ	Ортаңғы топтар	Ересек топтар	Мектепалды топтары
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, (басқа балаларды қабылдап болғанша) өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б.	7.30-8.00	7.30-8.00	7.30-8.00	7.30-8.00
Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау.	8.00-8.05	8.00-8.10	8.00-8.10	8.00-8.10
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртінуді. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	8.05-8.15	8.05-8.15	8.10-8.20	8.10-8.20
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.	8.15-8.25	8.15-8.25	8.20-8.30	8.20-8.30
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.	8.25-8.45	8.25-8.45	8.30-8.50	8.30-8.50
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі	8.45-9.05	8.45-9.05	8.50-9.10	8.50-9.10